

«Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты аудандық педагогикалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізудің ЕРЕЖЕСІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Педагогикалық олимпиада мұғалімдердің дарынды балалармен педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінде қызмет етуде дайындықтың бір түрі болып табылады.

2. Педагогикалық олимпиада педагог тұлғасының шығармашылық еркіндігінің кеңістігін, зерттеушілік ізденістің бағытын таңдауды, педагогикалық өзін-өзі көрсету тәсілдерін, тұлғалық және кәсіби жолының, одан әрі жолдарын шоғырландырады.

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңына, 2020-2025 жылдарға арналған ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, ҚР жаңа формациялы педагогтың үздіксіз педагогикалық Тұжырымдамасына сәйкес жасалған.

ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4. Педагогикалық олимпиаданың мақсаты - жас педагогтердің шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге жас педагогтердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру.

5. Педагогикалық олимпиаданың негізгі міндеттері:

- педагогикалық мамандықтың мәртебесі мен беделін арттыру;
- жас педагогтердің әдістемелік деңгейін жетілдіру;
- жас педагогтердің оқу-тәрбие үдерісінде инновацияларды іздену және іске асыруға ынталандыру;
- эксперименттік және инновациялық жұмыста кәсіби батылдық пен дербестікті дамыту;
- жас мамандардың педагогикалық қызметін талдау және өзін-өзі жетілдіру, олардың шығармашылық қабілеттерін және белсенді кәсіби позициясын дамыту үшін жағдай жасау;
- жас мамандардың кәсіби қоғамдастығында өзара қарым-қатынас орнату және әріптестерін қолдау үшін мүмкіндік жасау.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

6. Педагогикалық олимпиаданың сатыланған құрылымы бар:

I саты – жас педагогтер;

II саты – психологтар;

III саты – тәлімгерлер.

Қатысушылардың еңбек өтілі 5 жылдан аспауы тиіс.

Олимпиада мазмұны педагогикалық зерттеу қызметінің шеберлігін, педагогикалық білім беруді, педагогтің жеке кәсіби маңызды қасиеттерін көрсете алатын конкурс тапсырмаларын қарастырады.

7. Педагогикалық олимпиаданың әрбір сатысы белгіленген тәсілдерге негізделеді, сондықтан конкурстың педагогикалық тапсырмаларын іріктеу барысында олардың жалпы кәсіби біліктіліктің төрт деңгейлік жүйесіне сәйкес күрделенуін қарастырады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУДЫҢ ЖАЛПЫ ӨЛШЕМДЕРІ

8. Бағалау өлшемдері:

- жүйелілік және дәйектілігі;
- кәсіби қызмет динамикасы;
- материалдардың жан-жақтылығы мен толықтығы;
- материалдың эстетикалық безендірілуі.

9. Өзін-өзі таныстыру кезінде:

- шығармашылық жұмыстарын таныстырудағы дайындық дәрежесі;
- өз жұмысының жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жан-жақты талдау жасай білуі;
- ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалануы:
- ауызша сөйлеу өнері (ашықтық, мәнерлілік, бейнелілік, сауаттылық);
- импровизация қабілеті;
- аудиторияға әсер ету дәрежесі.

10. Жалпы мәдениеті:

- ой-өрісі мен ойлау қабілетінің ерекшелігі;
- коммуникативті мәдениеті.

11. Идеяны бағалау критерийлері:

- құзыреттілік (әдістемелік сауаттылығы, білімнің тұрақтылығы, АКТ-ны қолдану, психологиялық атмосфера, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруы);
- рефлексивті (қатысушының жұмыс тақырыбы бойынша жеке ұстанымы, педагогикалық құралдарды, аргументті таңдау, өзіндік табыстылық қабілетінің деңгейін анықтау).

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ӨТКІЗІЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

12. Педагогикалық олимпиада үш кезеңде өтеді:

- 1) Байқаудың I кезеңі – аудандық (қалалық), **2025 жылдың 3 ақпан күні**;
- 2) II кезеңі – облыстық ;
- 3) III кезеңі – республикалық.

13. Аудандық кезеңіне қатысу үшін төменде аталған құжаттар 2026 жылдың 23 қаңтарына дейін raihan200817@gmail.com жіберілуі тиіс:
 - мекеме басшысы растаған қатысушыға берілген сұраныс (1 қосымша) және қатысушының ақпараттық картасы (2 қосымша);

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

19. Педагогикалық олимпиаданың кезеңдерінің қорытындысы бойынша жеңімпазы анықталады.

20. Педагогикалық олимпиаданың жеңімпаздары (I, II және III орын иегерлері) білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдары және алғыс хаттарымен марапатталады.

21. Аудандық байқаудың жеңімпаздары облыстық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты педагогикалық олимпиадасына қатысуға жолдама алады.

№1 қосымша

«Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты облыстық педагогикалық олимпиадасына қатысуға СҰРАНЫС

№	Аудан	Тегі, аты, әкесінің аты	Қатысушының категориясы (педагог, психолог, тәлімгер)	Жұмыс орны	Еңбек өтілі	Қызметі	Байланыс тел.	E-mail

№2 қосымша

№ 1 форма

«Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты облыстық педагогикалық олимпиадасына қатысушының Ақпараттық картасы

Жалпы мәліметтер

1	Аты-жөні. Тегі (толық)	
2	Туған күні, айы, жылы	
Байланыс		
3	Мекен-жайы	
4	Телефоны: жұмыс, үй, ұялы	
5	Электронды поштасы (жұмыс, жеке)	
6	Интернеттегі жеке сайты	
7	Интернеттегі мектеп сайты	
Білімі, біліктілігі		
8	Бітірген оқу орны (толық атауы), факультеті, дипломы бойынша мамандығы, аяқтаған жылы	
9	Біліктілік арттыру курстары (база, курстардың атауы, сағат саны)	
10	Магистратура (оқу ұйымы, бағыты)	
Жұмысы		
11	Жұмыс орны (толық атауы, устав бойынша), қызметі	
12	Жалпы жұмыс өтілі	
13	Педагогикалық жұмыс өтілі	
14	Пәні	
15	Апталық жүктемесі	
Ғылыми, әдістемелік жұмыс		
16	Жеке әдістемелік тақырыбы	
17	Ғылыми жұмысы	
18	Басылымдар, мақалалар	
19	Авторлық педагогикалық әзірлемелер, бағдарламалар	
20	Әдістемелік бірлестік, кафедра мәжілісінде, педагогикалық кеңестерде, ғылыми-практикалық конференцияларда жасаған баяндамалары / күні, баяндама жасау форматы, тақырыбы /	
Кәсіби конкурстарға қатысу		
21	Қоғамдық жұмыс	
22	Үкіметтік, салалық, қоғамдық және халықаралық марапаттары (атауын және марапатты алған жылын көрсету керек)	
23	Қоғамдық ұйымдарға мүшелігі (атауы, ұйымға кірген жылы)	
Әуестігі		
24	Әуестігі	
Отбасы		
25	Отбасылық жағдайы	
26	Балалары (балалардың атын және жасын көрсету)	
.		

27	Конкурсқа қатысу туралы шешім қабылдадым, өйткені...	
28	Күні Қатысушының қолы	
29	Дата Мекеме жетекшісінің қолы	

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ӨТКІЗІЛУ БАРЫСЫ
ЖАС ПЕДАГОГТЕР ҮШІН:
1 – ТАПСЫРМА**

Өзін-өзі таныстыру «Педагогикалық дебют» (регламент - 7 минут);

Формат: заманауи талаптарға сәйкес білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігі, өзінің кәсіби іс-тәжірибесін ауызша ұсыну.

Бағалау критерийлері:

- 1. Креативтілігі (1-10 ұпай)**
- 2. Ораторлығы (1-10 ұпай)**
- 3. Сахналық мәдениеті(1-10 ұпай)**

2 – ТАПСЫРМА

«МЕНИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯМ» педагогикалық идеясын қорғау.

Идея немесе жобаны ұсыну барысында мұғалімдер өздерінің жұмыс жүйесіндегі негізгі идеяны, кәсіби құзыреттілік деңгейін, технологиялық және коммуникативтік мәдениетті, сабақтың эстетикасын, оқу үрдісін талдай білуді тәжірибелік түрде жүзеге асырады.

- 1. Форматы:** TED (TED - бұл «Таратуға лайықты иделарға» арналған жоба)
- 2. Сөйлеу уақыты: 10 минут** (7 минут сөйлеу, 3 минут қазылар алқасының сұрақтары)
- 3. «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасының миссиясы:** үздік педагогикалық идеяларды тарату.

**БҰЛ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ
ДАМУТУДЫ ЖАҚСARTУҒА БЫҚПАЛ ЕТЕ АЛАТЫН, ӨЗІНІҢ БІРЕГЕЙ
ИДЕЯСЫН ТАРАТУҒА КӨПШІЛІККЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН АЛАҢ!**

4. Педагогикалық олимпиаданың ұйымдастырушылары, TED құрылтайшылары мен ізбасарлары секілді, өмірді, білім беруді және жалпы әлемді өзгертуге қабілетті идеяның күшіне сенеді.

TED – бұл әлемдегі ең жақсы ойшылдардан тегін білім мен Шабыт ұсынатын алаң.

TED - бұл идеяға құмар, ізденімпаз жандар қауымдастығы.

5. Ұсыныстар:

Сіздің сөйлеген сөзіңіз сәтті болуы үшін www.TED.com сайтында TED конференциялары мен серіктестік конференцияларының 1000-нан астам үздік баяндамаларының жинағы бар, оларды кез келген адам еркін көре алады.

Апта сайын сайтта жаңа қойылымдар пайда болады. Олардың барлығы ағылшын тіліндегі субтитрлермен бірге жүреді, олардың көпшілігі әлемнің 20 дан астам тіліне аударылған.

Сіздің сөйлеген сөзіңіз сәтті болуы үшін біз келесі **ҰСЫНЫСТАРДЫ** ұсынамыз:

- 1) Шынайы болыңыз – TED сахнасы алдау және манипуляция орыны емес, шындықпен бөлісіңіз.
- 2) Ұлылықты армандаңыз – әрине, TED сахнасында екі-үш, ал кейбіреулері тіпті бес рет сөйлеген спикерлер бар, бірақ көпшілігі үшін бұл мүмкіндік өмірде бір рет болады, сондықтан идеяны өте байыппен таңдау керек
- 3) Тарихпен бөлісіңіз – фигуралар, фактілер, логикалық аргументтер, мұның бәрі кез-келген лайықты сөйлеудің маңызды атрибуттары, бірақ сіз егерде оларды жанжалмен, қаһармандар және антиқаһармандармен әңгіме түрінде ұсынсаңыз, маған сеніңіз, аудитория әлдеқайда жеңіл болады.
- 4) Сахнада саудаламаңыз – бұл үшін жиналыс бөлмелері бар, ал сахнадан шабыттандырған дұрыс.
- 5) Өзілді қосыңыз
- 6) Эмоцияны қосыңыз – бұл тек оң эмоцияларды қосуды білдірмейді! Аудиторияны жылатыңыз, күлдіріңіз, сезіндіріңіз. Эмоциямен берілген фактілер көпке дейін есте қалады.
- 7) Басқалармен дауласыңыз – TED ұйымдастырушыларында барлық спикерлер бірігіп жұмыс жасау керек деген міндеттері ЖОҚ! Сахнада әр түрлі пікірді қорғаушылар болған керемет қой, өйткені дауда шындық туады.
- 8) Өзіңіздің шынайы көрсетіңіз – Қазіргі әлем өтірік маскаларға толы: «жетістік маскасы», «әділетсіздік маскасы», «кінәсіздік маскасы» т.б. Сізден өтінеріміз, егер сіз TED-те презентация жасасаңыз, еркін болыңыз.
- 9) Ешқашан баяндамаңызды қағаздан оқымаңыз – Ешқаша баяндамаңызды қағаздан оқымаңыз!
- 10) Уақытында аяқтаңыз – дайындық үстінде және баяндама кезінде әрдайым кері санағы бар үлкен сағаттар болады. Сондықтан «көптеген дайындықтар саны» және «кері санағы бар үлкен сағаттар» бір «уақытында аяқтауды жеңілдетеді». Бұл маңызды, өйткені сізде тек 10 минут қана бар.

Ұсынылған идеяны бағалау критерийі:

Педагогикалық шеберлік (1-10 ұпай)

- шығармашылық жұмысты ұсынуға дайындық дәрежесі;
- өз қызметінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін адекватты түрде талдай білу;
- ауызша сөйлеу өнері (ашықтық, мәнерлілік, бейнелілік, сауаттылық);
- **Әртістілігі (1-10 ұпай)**
- импровизация қабілеті;

- аудиторияға әсер ету дәрежесі.

Жалпы мәдениеті (1-10 ұпай)

-эрудиция;

- стандартты емес ойлау;

- коммуникативті мәдениеті.

Рефлексивтілік (1-10 ұпай)

- конкурсқа қатысушының жұмыс тақырыбы бойынша жеке ұстанымы, оның аргументі;

- педагогикалық құралдарды таңдау және білім беру процесін ұйымдастыру әдісі;

- өз деңгейін анықтау мүмкіндігі.

Нәтижелілігі (1-10 ұпай)

ТӘЛІМГЕРЛЕР ҮШІН:

Облыстық «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасының Ережесіне сай:

Мақсаты: аға тәлімгерлердің кәсіби құзіреттілігін, мектепті басқару жүйесіндегі және тәрбие қызметіндегі орнын айқындау.

Міндеттері:

– аға тәлімгердің кәсіби имиджін қалыптастыру;

– республикадағы жүйелі жұмыс жасап жүрген аға тәлімгерлерді анықтау;

– оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының, балалар бірлестіктерінің, педагогикалық ұжымның, білім беру ұйымдарының ата-аналар қоғамының іскерлік өзара іс-әрекет мәдениетін арттыру;

– қатысушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу;

– аға тәлімгерлердің позитивті, озық тәжірибелерін кеңінен тарату.

1 - ТАПСЫРМА

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫСТЫРУ «МЕН БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ

ШТУРМАНЫМЫН» (регламент- 7 минут, таныстыру - 5 минут, сұрақ-жауап – 2 минут);

Формат: заманауи талаптарға сай білім беру технологияларын пайдаланудың қажеттілігі, өзінің кәсіби тәжірибесін ауызша ұсыну (таныстыру барысында музыка, театрландырылған қойылым, пантомима, поэзия, сурет өнерін және т.б. қолдануға болады);

Бағалау өлшемдері:

- қатысушының сайысқа берілген уақыт регламентін дұрыс пайдалануы (1-10 ұпай);

- тапсырма мазмұны жоғары дәрежеде ерекше ақпараттандырылған, эмоционалды, динамикалы болуы тиіс (өзінің қызығушылық әлемін, тәлімгердің өмірлік ұстанымын және оларды жұмыста қолдануды көрсету

кажет (1-10 балл);

- ерекшелілігі, мәнерлілігі, көңіл-күйі (1-10 ұпай);

- әртістілігі: импровизация жасау шеберлігі, аудиторияға ықпал ету дәрежесі (1-10 ұпай);

2 - ТАПСЫРМА

БАЛАЛАР ҰЙЫМЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРУ

(регламент – 10 минут: таныстыруға 8 минут, қазылар алқасының сұрақтарына жауап беруге 2 минут).

Тапсырмана орындау барысында қатысушы өзінің біліктілік деңгейі мен балалар ұйымының бағдарламасын жасауда заманауи талаптарды игергендігін көрсетуі керек.

Бағалау өлшемдері:

Барлық тапсырмаларды орындау барысында қазылар алқасы аға тәлімгерлердің кәсіби шеберліктерін бағалайды.

- өзектілігі, әлеуметтік және педагогикалық мақсаттылығы(1-10 ұпай);

- балаларды дамыту жолдарының бағдарлық құндылығын нақты педагогикалық, әлеуметтік, мәдени шарттар арқылы қалыптастыру(1-10 ұпай);

- тәрбиелеудің формалары мен мазмұнын, технологияларын көрсету(1-10 ұпай);

- нәтижелілігі (1-10 ұпай).

ПСИХОЛОГТАР ҮШІН:

Облыстық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты педагогикалық олимпиадасының Ережесіне сай:

Мақсаты: кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал ету, заманауи психологиялық білімді насихаттау және қоғамдағы психологияның беделін арттыру.

Міндеттері: - жас психологтарға, логопедтерге, дефектологтарға республикалық деңгейдегі жарыста өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндігін беру;

- жас психологтар, логопедтер, дефектологтарға кәсіби қызметін белсендіру;

- психологтардың іс-тәжірибелерін жинақтауға және таратуға мүмкіндік туғызу;

- өзінің кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында, психологтардың өзара қарым-қатынасының кеңеюіне мүмкіндік туғызу;

- психолог мамандығының оң бағасын қалыптастыру және имиджін көтеру.

1 – ТАПСЫРМА

Өзін-өзі таныстыру «Менің мамандығым - психолог»
(регламент - 7 минут, баяндама – 5 минут, сұрақ-жауап – 2 минут).

Ұсыныс: еркін түрде орындалады, педагог-психологтың ұраны, миссиясы, өмірлік ұстанымы, хоббиі мен жетістіктері бейнеленуі мүмкін...

Бағалау критерийі (1-10 балл):

- өз мамандығы туралы ойының қалыптасуы;
- өзін-өзі жетілдіру әлеуеті; - қатысушының коммуникативтілік қасиеттері;
- ауызша сөйлеу мәнері (айқындылығы, мәнерлілігі, көркемдігі, сауаттылығы); - әртістілігі; - импровизациялық қабілеті; - аудиторияға әсерінің деңгейі; - эрудициясы; - ойлау қабілеті; - коммуникативті мәдениет.

2 – ТАПСЫРМА

Идеялары мен жобаларын қорғау «Шығармашылық алаң»
(регламент-10

минут, баяндама-7 минут, сұрақ-жауап - 3 минут)

Қатысушылар авторлық шеберлік-сыныптар ұсына алады (мини семинарлар, мини-тренингтер, дидактикалық супервизия, интерактивті дәрістер, әдістемелік түсініктерімен психологиялық жұмыстың көрсетілім сессиялары), психологиялық сабақтың, ата-аналарға арналған практикум үзіндісі...

Конкурс материалы авторлық болуы керек, яғни конкурсқа қатысушының жеке әзірлемелері.

Бағалау критерийі (1-10 балл):

- ұсынылған материалдың мазмұны;
- материалдың тұтастығы;
- тапсырмалар, жаттығулар мен тренингтер жиынтығын таңдаудағы ғылыми негіздеме...;
- тапсырмалар мен жаттығулардың ұсынылған материалдың мақсатына сәйкестігі;
- педагогикалық өзара әрекеттестік техникасын меңгеру;
- сабақтың нәтижелілігі;
- оқушылар мен мұғалімнің қарым-қатынас деңгейі;
- ұсынылған материалдың тиімділігі;
- денсаулық сақтау технологияларын пайдалану;
- қызметтің тұжырымдамалық негіздері;
- сабақты өзіндік талдау.